

Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010 – 2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаны 2011 жылғы іске асыру барысы туралы ақпарат

Ел экономикасын жылдамдатып әртараптандыру – Қазақстан республикасы президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 958 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі мемлекеттік бағдарламаның (бұдан әрі - Мембағдарлама) негізгі мақсаты.

Мемлекеттің күш-жігері экономиканың мынадай басым секторларын дамытуға шоғырландырылған :

дәстүрлі: шикізаттық өндірістерді анағұрлым жоғары бөліністерге кейіннен көшіре отырып, мұнай-газ секторы, тау-кен-металлургия кешені, атом және химия өнеркәсібі;

жер қойнауын пайдаланушылардың, ұлттық компаниялардың және мемлекеттің сұрауына негізделген: машина жасау, құрылыс индустриясы, фармацевтика;

шикізаттық емес сектормен және артықшылықты экспортқа бағдарланған өндірістер: агроөнеркәсіптік кешен, жеңіл өнеркәсіп, туризм;

кейінгі 15-20 жылда әлемдік экономикада үстем рөл ойнайтын «болашақтың экономикасы» секторлары: ақпараттық және коммуникациялық технологиялар, биотехнологиялар, баламалы энергетика, ғарыш қызметі.

Мембағдарламаны сәтті іске қосу үшін 5 жылдық мерзімге барлық қажетті құжаттар қабылданды: экономиканың басым секторларын дамыту бойынша салалық бағдарламалар, функционалдық бағдарламалар, бизнесті қолдау бағдарламалары, Өндірістік қуатты оңтайлы орналастыру схемасы, Индустрияландыру картасы, аумақты дамыту бағдарламасы.

Қазақстан Республикасының статистика агенттігінің 2011 жыл қорытындылары бойынша деректеріне сәйкес республика экономикасының дамытудың оң үрдісін байқауға болады.

ЖІӨ көлемі 27,3 трлн. теңгені құрады, 2008 жылы 11,2 трлн. теңгеге ұлғайды. Нақты өсім – 16,7%, 2010 ж. – 7,5%.

Мембағдарлама іске асырылғаннан, 2010 жылдан бастап өткен жылдардағы құлдыраудан кейін, өңдеуші өнеркәсіптің тұрақты өсуі байқалды. Алғаш рет оның өсу қарқыны тау-кен өндіру өнеркәсібінің қарқынынан озды.

Осылайша, 2010 жылы тау-кен өндіру саласында өсу өткен жылмен салыстырғанда 7%, өңдеуші өнеркәсіп –14%. 2011 жылы

өңдеуші өнеркәсіп өндірісіндегі өсім 6,2%, тау-кен өндіру секторында – 1,3%-ды құрады.

Өндірістің өсімі іс жүзінде өңдеуші өнеркәсіптің барлық салаларында байқалады. Анағұрлым өсім 2011 жылы химия өнеркәсібінде – 21,5% және машина жасау –16,8% байқалады.

ЖІӨ құрылымында өңдеуші өнеркәсіптің үлесі тиісінше өсуде. 2011 жылы ол 11,4%-ды құрады. Салыстыру үшін 2009 ж -10,5% , 2010 ж.-11,3%.

Өңдеуші өнеркәсіптегі еңбек өнімділігінің өсуі байқалады. 2011 ж. 2008 ж. қарағанда 20% жоспар кезінде 32,1% құрады. Өңдеуші өнеркәсіпте еңбек өнімділігі 2008 жылы 38,6 мың АҚШ долл./адамнан 2011 жылы 51,0 мың АҚШ долл./адамға дейін ұлғайды.

2011 жылы еңбек өнімділігінің анағұрлым жоғары көрсеткіші металлургияда байқалды – 87,3 мың АҚШ долл./адам, өсім өткен жылмен салыстырғанда 4,9%.

2011 жылы шикізаттық емес көлемдердің айтарлықтай өсімі байқалады 2011 жылдың қорытындысы бойынша көлем 22,2 млрд. долл. құрады, 2009 жылғы өсім - 85%. Бұл Қазақстанның тәуелсіздігінің барлық тарихындағы өңделген тауарлар экспортының ең жоғары көрсеткіші.

2010 жылы 2009 жылмен салыстырғанда инновациялық өнім өсімі 1,7 есені құрады. Соңғы жылдардағы құлдыраудан кейін 4,3%-ға дейін қолданыстағылар санынан инновациялық-белсенді кәсіпорындар үлесі өсуінің үрдісі байқалды.

Жұмыссыздық көлемі 2010 жылмен салыстырғанда 0,1 пайызға төмендеді және 2011 жылы экономикалық белсенді халық санына 5,4%-ды құрады.

2008 жылдың қорытындылары бойынша жоғары білікті жұмыс күшінің үлес салмағы 45,6%-дан 78,2%-ға дейін ұлғайды.

Инновацияларды дамыту:

Тиімді инновациялық инфрақұрылымды дамыту инновациялық инфрақұрылым субъектілерінің, оның ішінде технопарктердің, конструкторлық бюролардың, технологиялар трансферті халықаралық орталықтарының, «Ақпараттық технологиялар паркі» АЭА-ның қызметін құру және басқару жолымен жүзеге асырылады.

Көліктік машинажасау (Астана қаласы), тау-кен-металлаургиялық жабдық (Өскемен қаласы) және мұнайгаз жабдығы (Петропавл қаласы), ауыл шаруашылығы машинажасау (Астана қаласы) 4 конструкторлық бюро (КБ) құрылды және жұмыс істейді.

2011 жылы «ҰИҚ» АҚ-ның жанында Қазақстандық-Корея технологиялық ынтымақтастық орталығы (бұдан әрі - ҚКТЫО) ашылды.

Жыл сайынғы негізде ҒЗИ және университеттерін іріктеу бойынша

олардың базасында коммерцияландыру офистерін құруға және дамытуға жәрдемдесу мақсатында конкурс өткізіледі. 2011 жылдың қорытындылары бойынша 9 коммерцияландыру офистері, оның ішінде 7-уі университеттерде және 2-уі ҒЗИ-да ашылды.

Иновациялық құраушы қазақстан экономикасын өрістетуге, халықтың қалың тобын ұлттық инновациялық саясат туралы хабардар болуын арттыру мақсатында насихаттау қызметі іске асырылады. Жыл сайынғы негізде: халықаралық Инновациялық конгресс, NIF\$50K инновациялық бизнес-жоспарлардың және рационализаторлық шешімдердің конкурстары, «Өрлеу ақпараты» журналистикалық материалдардың конкурстары, сондай-ақ отандық инновациялық жобалардың көрмелері өткізіледі.

Гранттық бағдарлама іске асырылады. 2011 жылдың қорытындылары бойынша 129 инновациялық гранттар берілді.

Энергия тиімділік бойынша:

«Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы» және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңдары қабылданды.

Мемлекет басшысының 2011 жылғы 28 қаңтардағы «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз!» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының 3-тармағын орындау мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 қарашадағы қаулысымен Қазақстан Республикасының энергия тиімділігін арттырудың кешендік жоспары бекітілді.

Электр энергетикасын дамыту:

2011 жылдың қорытындылары бойынша Қазақстан Республикасы бойынша электр энергетикасын өндіру 86,2 млрд. кВтсағ. немесе 2010 жылдың тиісті кезеңіне 104,7 % құрады, электр энергетикасын тұтыну 88,1 млрд. кВтсағ. немесе 2010 жылдың тиісті кезеңіне 105,2 % құрады, 2011 жыл ішінде ЖЭК объектілерінің электр энергетикасын өндіруі 423 млн. кВтсағ. құрады, бұл 2010 жылға қарағанда 20 млн. кВтсағ. немесе 4,73 %-ға артық.

2011 жылы қуаттылығы 300 МВт Мойнақ ГЭС құрылысы, қуаттылығы 87 МВт Ақшабұлақ кен орнында ГЖЭС құрылысы сияқты жобалар аяқталды, қуаттылығы 54 МВт Орал ГЖЭС пен қуаттылығы 325 МВт Ақсу ГРЭС-те № 2 энергия блогы пайдалануға берілді, «АрселорМиттал Теміртау» АҚ-ның Көмір департаментінің В.И.Ленин атындағы шахтада қуаттылығы 1,5 МВт желэлектрстанциясы берілді, Қазақстанда алғаш рет қуаттылығы 1,4 МВт гшазпоршенді

электрстанциясының базасында метанды пайдалану жөніндегі пилоттық жобасы іске асырылды.

Инвестицияларды тарту бойынша:

Инвестицияларды тарту бойынша жүргізілген жұмыстар шеңберінде мынадай нәтижелерге қол жеткізілді. Өңдеуші секторға негізгі капиталға инвестициялар көлемі жалпы алғанда 2011 жылғы 11 айдың қорытындылары бойынша 359,7 млрд. теңгені құрай отырып өсу үстінде.

Инвесторларды қолдау үшін заңнамалық және жүйелік шаралар кешенін көздейтін, инвестицияларды тарту жөніндегі ұлттық жоспар бекітілген. Оның ішінде елеулі рәсімдік және визалық босаңсу, елімізде, оның ішінде өңірлерде инвесторлар табу үшін қолайлы жағдайлар жасау, орталық деңгейлерде де, сол сияқты өңірлік деңгейлерде де инвесторларды қолдау және сүйемелдеу.

Инвесторлар үшін Қазақстан туралы егжей-тегжейлі ақпараттары бар 12 тілде ұлттық инвестициялық веб-сайт іске қосылды.

Арнайы экономикалық аймақтар бойынша.

Мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру шеңберінде және арнайы экономикалық аймақтардың қызметін реттеу және тиімділігін арттыру саласындағы заңнамаларды жетілдіру үшін «Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды.

Жұмыс істеп тұрған АЭА шартты түрде үш топқа бөлуге болады:

1) өнеркәсіптік-өндірістік аймақтар – «Ақтау теңіз порты», «Оңтүстік», «Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі» және «Астана – жаңа қала» индустриялық қосалқы аймақ бөлігінде (Индустриялық аймақ Астана қаласы);

2) сервистік – «Бурабай» және «Астана –жаңа қала» құрылыс қосалқы аймағы бөлігінде;

3) техникалық-енгізу аймағы – «Инновациялық технологиялар паркі».

Бұдан басқа, Мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде 2011 жылы үш жаңа нақты салалық бағыты бар арнайы экономикалық аймақтар құрылды:

- Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 24 қарашадағы № 181 Жарлығына сәйкес Қарағанды облысында «Сарыарқа» АЭА құрылды – металлургия мен металл өңдеуді дамыту;

- Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 24 қарашадағы № 187 Жарлығына сәйкес Алматы облысында «Қорғас – Шығыс қақпасы» АЭА құрылды – көлік-логистикалық әлеуетті дамыту;

- Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы

29 қарашадағы № 186 Жарлығына сәйкес Павлодар облысында «Павлодар» АЭА құрылды – өнеркәсіптің химия және мұнай-химия салаларын дамыту.

Бүгінгі күні жұмыс істеп тұрған АЭА-да 481 қатысушы тіркелген, бұл 2010 жылға қарағанда 3 есе жоғары.

2011 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша АЭА аумақтарында тауарларды және қызметтерді (жұмыстарды) өндіру көлемі – 60,6 млрд. теңгені құрады, 357,0 млрд. теңге инвестиция тартылды.

«Өнімділік-2020» бағдарламасы бойынша

Осы бағдарлама шеңберінде кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдаудың бірнеше құралы көзделген және «Бизнестің жол картасы» - шағын және орта бизнесті дамыту бағдарламасында және оны Кәсіпорындарды дағдарыстан кейін қалпына келтіру (сауықтыру) бағдарламасында көзделген барлық басқа құралдар толықтырады.

2011 жылдың қорытындысы бойынша жалпы сомасы 40 млрд. теңгеден астам 27 жоба Бағдарлама операторының оң сараптамасын алды.

Салалық бөліністе Бағдарламаға енген инвестициялық жобалар былайша бөлінген:

- машина жасау – 7 жоба;
- құрылыс материалдары индустриясы – 7 жоба;
- энергетика – 4 жоба;
- АӨК – 3 жоба;
- химия – 2 жоба;
- металлургия – 1 жоба;
- фармацевтика – 1 жоба;
- ағаш өңдеу – 2 жоба.

«Экспорттаушы-2020» бағдарламасы

«Экспорттаушы-2020» бағдарламасы шеңберінде «KAZNEX INVEST» экспорт және инвестициялар жөніндегі агенттігі» қазақстандық шикізаттық емес экспортты екі бағытта дамыту және жылжыту бойынша жұмыс жүргізуде:

- экспорттаушыларды сервистік қолдау;
- экспорттаушыларды қаржылай қолдау.

20-дан астам елде қазақстандық тауарлар мен брендтерді таныстыру бойынша шамамен 60 арнайы іс-шара, 14 сауда миссиясы, сатушылардың сатып алушылармен кездесулері ұйымдастырылды, 67 экспорттаушының 50 шетелдік көрмелерге қатысуы қамтамасыз етілді. Осындай іс-шаралардың нәтижелері бойынша 620 млн. АҚШ долл. сомасына экспорттық келісімшарттар жасалды.

Бұдан басқа, 2011 жылы 81 отандық экспорттаушыға өнімдерді экспортқа шығаруға байланысты сомасы 101 млн. теңге шығындары өтелді.

Индустрияландыру картасы бойынша:

Бүгінгі күні Индустрияландыру картасы – бұл елдегі инвестициялық белсендікті есепке алу жүйесі. Карта орындарда жобалармен нақты және жоспарлы айналысуға мәжбүрледі. Қазіргі уақытта Индустрияландыру картасында жеке бизнестің, ірі корпоративтік сектордың және ұлттық компаниялардың барлық пысықталған инвестициялық бастамалары қамтылды.

Карта жобаларының тізбесіне пысықтаудың жоғары деңгейіне ие және Мемлекеттік бағдарламаның өлшемдеріне сәйкес келетін, Қазақстан экономикасы үшін аса маңызды жобалар енгізілді.

Бүгінгі күні Карта құны 11 трл.теңге болатын, салу кезеңінде 218 мыңнан астам жұмыс орнын және пайдалануға беру кезеңінде 191 мың жұмыс орнын құратын, 705 жобалардан тұрады.

2010-2011 жылдары ішінде Индустрияландыру картасы шеңберінде жалпы сомасы 1,8 трлн.теңгеге 389 жоба енгізілді, 90 мыңнан астам жұмыс орны құрылды.

Карта шеңберінде бұрын Қазақстанда өндірілмеген 106 өнім игерілді, атап айтқанда: газ айдау агрегаттары үшін турбиналық және компрессорлық күрекшелер, ұшақтарға арналған синтетикалық жуу құралдары, тұрмыстық химия, минералдар қосылған құрама жем және өзгелері.

«ИИҚМҚ туралы» Заңды іске асыруда Картаға 2 деңгейде: өңірлік және салалық деңгейде жобаларды іріктеу рәсімдерін қатаңдататын жобаларды енгізу Қағидалары қабылданды:

1. Өңірлік деңгей – жобалар Үйлестіру кеңесімен іріктеледі, өңірлік сараптама дайындалады;

2. Салалық деңгей – салалық мемлекеттік органдар дамудың салалық басымдылықтарына сәйкес жобаларды сараптау жүргізеді.

Жобаларды республикалық немесе өңірлік картаға енгізу қажетті шешімдер деңгейіне байланысты – орталық немесе өңір: Үкімет деңгейінде шешуді қажет ететін жобалар республикалық картаға, ал қалғаны – өңірлік картаға енгізіледі.

Премьер-Министрдің өкімімен 2010 жылғы 13 ақпандағы №26-ө өкімімен Картаның барлық жобалары бойынша жауапкершілік министрліктің, ұлттық холдингтердің бірінші басшыларына және әкімдерге жүктелген, іске қосу мерзімдері мен жобалық қуатқа шығу мерзімдері де жүктелді.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша жобаларды іріктеуге қойылатын тәсілдер өзгертілді. Түпкілікті өнімі бар жобаларға, жоғары өндірістік жұмыс орындарын құруға, инновациялық пен энергия

тиімділікке, технологиялық бөлінісі жоғары деңгейлі жобаларға басымдылық жасалды.

Карданың барлық 70% жобалары жоғары бөлініс деңгейіне жатады.

30% – технологиялық күрделілігі төмен деңгейге. Негізінен бұл АӨК жобалары (жемдеу алаңдары, көкөніс сақтау қоймалары, репродукторлар). Сонымен қатар, АӨК экономиканы дамытудың басым бағыты ретінде айқындалды, және АӨК-нің барлық жобалары бойынша Картаға енгізуге мақұлданды, уәкілетті мемлекеттік орган – Ауыл шаруашылығы министрлігінің оң салалық қорытындысы бар.

Жобалар Елдің аумақтық-кеңістікті дамуының болжамды схемасын және 2015 жылға дейінгі Қазақстан Республикасының өндірістік қуаттарын оңтайлы орналастыру схемасын есепке ала отырып енгізіледі.

Жобаларға барлық іріктеу рәсімі және өлшемдер Қағидаларда жазылған (ҚРҰ-нің 2012 жылғы 25 мамырдағы №675 қаулысы). Жобалардың сапасын арттыру үшін олар бойынша жұмыс істейміз.

Әр жоба тұрақты бақылауда тұр. Әр жоба бойынша министрліктер мен өңірлердің бірінші басшылары деңгейінде іске асыру үшін жауаптылар бекітілген.

Техникалық реттеу бойынша

Бүгінгі күні ұлттық деңгейде қабылданған техникалық регламенттердің жалпы саны барлығы 94 бірлік және іске қосылғаны - 93 техникалық регламент.

Үш елде техникалық реттеудің бірыңғай қағидаттары және қағидалары туралы келісім қабылданғаннан бастап ұлттық деңгейден жоғары техникалық регламенттермен жұмыс тоқтатылды.

2011 жылдың қорытындысы бойынша Кеден одағының бірінші кезекті техникалық регламенттерін әзірлеу кестесінде көзделген 47 техникалық регламент ішінен 24-і қабылданды.

Қалған техникалық регламенттерді, ал олар бүгінгі күні 23, 2012 жылдың бірінші жартыжылдығында қабылдау жоспарланады.

Өзіне 600 астам мемлекеттік стандартты қамтитын Мемлекеттік стандарттау жөніндегі жұмыс жоспары іске асырылды, нәтижесінде стандарттарды халықаралық талаптарға үйлестіру деңгейі 70%-ға дейін жетті.

Кеден одағы шеңберінде стандарттау бойынша жұмыстарды үйлестіру үшін өткен жылдың желтоқсанында КО Қатысушы мемлекеттерді стандарттау бойынша ұлттық органдардың Үйлестіру кеңесі құрылды.

Бүгінгі таңда барлық техникалық құжаттарды бір қорға шоғырландыру мақсатында және республикада 2012 жылға қарай олардың қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін нормативтік-құқықтық құжаттардың Бірыңғай мемлекеттік қор қалыптасты.

Менеджмент жүйесін енгізген және сертификатталған кәсіпорындардың жалпы саны 4 678 кәсіпорынды құрады.

10 эталон мен эталон жабдықтарына жаңарту жүргізілді, бұл жоспарлы мәндерге сәйкес келеді.

Бүгінгі күні республиканың эталон базасы эталондар мен эталон жабдықтарының 101 бірлігін, оның ішінде 58 – мемлекеттік эталонды, 23 – жұмыс эталондарын, 20 - эталон жабдықтарын құрайды, бұл отандық экономиканың мүддесін толық көлемде қамтамасыз етеді.

Сондай-ақ, БЭК-ті қалыптастыру шеңберінде сәйкестікті, сәйкестік сертификаттарының бірыңғай нысанын, сәйкестік және сәйкестік белгісі туралы декларацияны растауға жататын өнімдердің бірыңғай тізбесі жасалды. Сонымен қатар, сертификаттар мен КО сынақ зертханалары бойынша органдардың бірыңғай тізілімі жасалып, онда Қазақстан Республикасының 105 органы (СРО) мен 476 сынақ зертханалары енгізілді.

Осы іс-шараларға байланысты сәйкестікті растаумен (сертификатты қайта ресімдеу) байланысты қосымша рәсімдерді өткізуге арналған шығындар азаюда.

Осылайша, 2011 жылы Кеден одағы мен БЭК аумағында тауарлардың еркін қозғалысы үшін қажетті шаралар өткізілді және қолайлы жағдай жасалды. Бұл бәсекеге қабілетті өнімдер үшін жағдай жасауға маңызды қадам болды.

«Ішкі айналымға арналған тауарлардың шығу тегі туралы сертификатты беруге өкілетті органды (ұйымды) айқындау туралы» және «Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы» Үкіметтің қаулысына сәйкес ішкі айналымға арналған тауарлардың шығу тегі туралы сертификатты беретін өкілетті ұйым болып 2012 жылғы 11 қаңтардан бастап аумақтық сауда-өнеркәсіп палатасы айқындалды.

Қазақстан Республикасынан экспортталатын және Қазақстан Республикасынан кері экспортталатын және ішкі айналымға арналған тауарлардың шығу тегі туралы сертификатты беру рәсімдерін оңайлатуды көздейтін тауарлардың шығу тегі елін айқындау жөніндегі қағидаға өзгерістер енгізілді. (2012 жылғы 18 қаңтардағы № 97 қаулы).

Қазақстандық қамту бойынша

Министрлік қазақстандық қамтуды дамыту бойынша жүйелі және жедел шаралар кешенін жүзеге асыруда.

Функционалдық мүмкіндіктерін кеңейту және оларды жер қойнауын пайдаланушылардың сатып алуларын өткізудің әзірленген қағидаларына сәйкес келтіру мақсатында «Жер қойнауын пайдалану бойынша операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің тізілімі» ақпараттық жүйесін және

«Қазақстандық қамту» интернет порталын одан әрі жетілдіру бойынша жұмыс жүргізілуде.

2012 жылғы I тоқсанда көрсетілген жүйеде 39,000 астам пайдаланушы тіркелді. Пайдаланушылардың саны үнемі өсіп отырады, бұл жүйенің үздіксіз жұмысының маңыздылығын арттырады және оларды одан әрі жетілдіруді талап етеді.

Министрлік отандық өндірістерді қолдауға байланысты барынша өзекті мәселелерді мүдделі мемлекеттік тараптармен талқылау үшін кездесулер мен мәжілістерді үнемі ұйымдастырады және өткізеді. Сондай-ақ өңіраралық және республикалық форумдарды өткізу кестесі бекітілді, оның мақсаты отандық өндірістерді дамытуды қолдау және елдің өңірлері арасында шаруашылық кооперативтерін күшейту болып табылады.

Қазіргі уақытта, Қазақстандық қамтуды дамыту жөніндегі бағдарламада көзделген іс-шараларды өзектендіру бойынша жұмыстар жүргізілуде, сондай-ақ ықпалдасу үрдістері (БЭК, ДСҰ) шеңберінде отандық тауар өндірушілерді қолдаудың қосымша мүмкіндіктерін іздеу бойынша қосымша зерттеу жүргізіліп, ағымдағы жылғы жұмыстарды жандандыру үшін негіз болып табылатын талдау жұмысы жүргізілді.